



050000, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 62А
тел./факс: 8 (727) 248-54-38, 351-30-37

050000, город Алматы, улица Калдаякова, 62А
тел./факс: 8 (727) 248-54-38, 351-30-37

№ _____
« _____ » _____

**Аудандық білім бөлімдерінің және
білім беру ұйымдарының басшыларына**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылы 13 сәуірдегі №2-20-7/2647-И хатының негізінде Алматы қаласы Білім басқармасының Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығы келесіні хабарлайды.

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес педагогтерді аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізіледі.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 14 сәуірінен бастап аттестаттау рәсімі жалғасады. 2026 жылы аттестаттау рәсімінен өтетін «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттары үшін «Ұстаз» педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы ағымдағы жылдың 14 сәуірінен бастап, 2026 жылы аттестаттау рәсімінен өтетін қалған біліктілік санаттарындағы педагогтердің құжаттары «eGov.kz» мемлекеттік қызмет көрсететін электрондық үкіметтің веб - порталы арқылы ағымдағы жылдың 15 сәуірінен бастап қабылданатынын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, аттестаттаудан өтетін педагогтер үшін тек алғаш рет педагогтердің білімін бағалауға (бұдан әрі – тестілеу) қатысатын тұлғаларға ағымдағы жылдың 16–27 сәуірі аралығында тестілеу өткізіледі (14.04.2026 жылы тестке тіркелу басталады).

Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар, өтілі жоқ тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық қызметті қайта бастауға тілек білдірген тұлғалар үшін тестілеу жоспарланған мерзімге сәйкес ай сайын өткізілетінін хабарлаймыз.

Осыған байланысты аталған ақпаратты педагогтердің назарына жеткізіп, олардың құжаттарын уақытылы және толық көлемде ұсынуын, сондай-ақ белгіленген талаптар мен мерзімдердің сақталуын қамтамасыз етулеріңізді сұраймыз.

14.04.2026 жылы сағат 10-00-де онлайн түрінде түсіндірме жұмысы жүргізіледі.

Директордың у.м.а.



А. Смагулова